

**Санкт-Петербург қаласында (Ресей Федерациясы) 2002 жылғы 7 маусымда қол қойылған Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер арасындағы Өңірлік терроризмге қарсы құрылым туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 8 сәуірдегі N 25-IV Заңы

Санкт-Петербург қаласында (Ресей Федерациясы) 2002 жылғы 7 маусымда қол қойылған Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер арасындағы Өңірлік терроризмге қарсы құрылым туралы келісімге Ташкентте 2003 жылғы 5 қыркүйекте қол қойылған өзгерістер енгізу туралы хаттама ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

*Н. Назарбаев*

**2002 жылғы 7 маусымда Санкт-Петербург қаласында (Ресей Федерациясы) қол қойылған Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер арасындағы Өңірлік терроризмге қарсы құрылым туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы ХАТТАМА**

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер 2002 жылғы 7 маусымдағы Өңірлік терроризмге қарсы құрылым туралы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер арасындағы келісімге өзгерістер енгізу туралы келісімге (бұдан әрі - Келісім) өзгерістер енгізу туралы 2003 жылғы 29 мамырдағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшыларының шешіміне сәйкес, төмендегілер туралы осы Хаттаманы жасады:

### **1-бап**

Келісімнің 2-бабының бірінші абзацындағы "Қырғыз Республикасының Бішкек" деген сөз тіркесі "Өзбекстан Республикасының Ташкент" деген сөз тіркесімен ауыстырылады.

### **2-бап**

Осы Хаттама ратификациялануға тиіс және депозитарийге төртінші ратификациялық грамотаны сақтауға берген күннен бастап 30-шы күні күшіне енеді.

### **3-бап**

Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

2003 жылғы 5 қыркүйекте Ташкентте бір түпнұсқалық данада орыс және қытай тілдерінде жасалды, әрі екі мәтіннің де күші бірдей.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН**

**ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН**

*ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН  
РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ ҮШІН  
ТӘЖІКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН  
ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮШІН*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК